

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институтын айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 13 ақпандағы № 55 бұйрығы

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 6-4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Энергия үнемдеу ұлттық орталығы" акционерлік қоғамы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институты болып айқындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрілігінің Өнеркәсіп комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрілігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Нағаспаев